

## **"Қазақстандық тауар-шикізат биржасы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1245

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.28. N 1316  
қаулысын қарау қажет. P001316\_

Қазақстан Республикасында биржалық қызметті одан әрі дамыту мақсатында  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Оның жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлес 51 пайызды құрайтын,  
мемлекеттік, заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен "Қазақстандық тауар-шикізат  
биржасы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Қоғамды орналастыру  
үшін оның жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлес төлеу есебіне бір айлық  
м е р з і м д е ү й - ж а й б ө л с і н ;

2) Қоғамның жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) Қоғамды мемлекеттік тіркегеннен кейін, Қоғамның акцияларының мемлекеттік  
пакетін иелік ету және пайдалану құқықтарымен Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен  
мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659\_  
қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Иелік ету және пайдалану құқықтары салалық  
министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншіктегі  
ұйымдардағы акциялардың мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік қатысу үлестерінің  
тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі"  
деген бөліммен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 229-жолмен  
толықтырылсын:

"229 "Қазақстандық тауар-шикізат биржасы" ЖАҚ".

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК